

## 2024-2025 оқу жылының жоспары бойынша атқарылған жұмыстар

### «Отан» бағыты:

#### «Білім күні»

2024-2025 оқу жылының 2-қыркүйек күні мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары үшін «Менің Отаным -Қазақстан» атты тәрбие сағаты өтті. Әр сыныпта тәрбие сағаты Мемлекеттік Гимнді орындаумен басталды.

Мақсаты: Оқушыларға Жаңа Қазақстан туралы ақпарат беру.Отанаға деген сезімдерін арттыру.Ел тарихына, мәдениетіне, табиғатына деген қызығушылықтарын ояту. Сынып жетекшілер оқушылармен бірігіп тарихымызға шолу жасады.Тәрбие сағаттары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай өткізілді.



### Мектепішілік Ұланбасы және Президент сайлауы

2024-2025 оқу жылының 19 қазан күні мектебімізде мектепішілік Ұланбасы және Президент сайлауы болып өтті. Мақсаты: сайлау мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігін арттыру, оқушыларды қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділіктерін көтеру. Сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер белсене қатысып, өз таңдауларын жасады. Мектеп Президентіне үміткерлер:

Бабаева Аяулым 11 сынып оқушысы

Жәрденбек Азамат 10 сынып оқушысы

Ергеш Аяулым 10 сынып оқушысы

Қаиржан Ильнара 7 сынып оқушысы.

Сонымен қатар Ұланбасылыққа үміткерлер:

Ерлан Аяулым 11 сынып оқушысы

Шамшиденова Аяжан 11 сынып оқушысы

Өзгерісқызы Аружан 7 сынып оқушысы қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша жеңіске мектеп Президенті болып -11 сынып оқушысы Бабаева Аяулым және Ұланбасы-Ерлан Аяулым тағайындалды.



### «25 қазан - Республика күні» салтанатты жиын

2024-2025 оқу жылының 23 –ші қазан күні мектебімізде Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті. 1-11 сынып оқушылары хормен Мемлекеттік Гимнді жанды дауыста орындады. Мектеп директорының міндетін атқарушысы М. Шакеева және мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Н. Жақсыбаев оқушыларды, ұстаздарды атаулы мерекемен құттықтады. Мектебіміздің Парламент мүшелері және Жас Ұландықтар өздерінің әдеби – музыкалық монтажын тарту етті, 4 сынып оқушысы Айару Бимагамбетова «Сүгірдің термесі» атты әнін шырқап берді. Ал «Батырлар» би тобы жас әншімізге өз билерімен қолдау көрсетті. Жиын соңында мектебіміздің мұғалімі Е. Булегенов және мектеп оқушылары «Атамекен» әні орындалды.



### «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына салтанатты қабылдау

21.10.2024 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінде 25 қазан Республика күніне орай Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" балалар және жасөспірімдер ұйымына оқушыларды салтанатты қабылдауы өтті. Мектеп белсенділері ұйымның жаңа мүшелеріне галстук байлап, төс белгілерін табыстады. Ал ұйымның жаңа мүшелері өз кезегінде Қазақстанның патриоты болуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылық пен ұмтылуға ант берді.





### «Әрекет ету уақыты»

Бүгін, 29.10.2024 жылы Атбасар қаласының №2ЖОББ мектебінде «Әрекет ету уақыты» атты І-ші аудандық құрылтайы болып өтті. Құрылтайға мектебіміздің Ұланбасы және мектеп көшбасшылары белсене қатысты. Бұл құрылтайда түрлі ойындар мен маңызды тақырыптар қозғалды.



### Тәуелсіздік күні



Мектебіміздің



## «Зерде» бағыты:


### Тәлімгерлерге арналған аудандық семинар

09.10.2024 жылы ЗУУМ платформасы арқылы аудандық тәлімгерлер семинары болып өтті. Бұл семинарға мектебіміздің тәлімгері-Амандық Жансұлу Ерболатқызы қатысты. Семинар барысында жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылып, түрлі мәселелер қарастырылып, сұрақтарға жауаптар алынды.



## «Республикадағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамытудың келешегі мен стратегиялық бағыттары»

2024 жылдың 18 қазанында қаламыздың №2 орта мектебінде «Республикадағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамытудың келешегі мен стратегиялық бағыттары» атты Республикалық балалар мен жасөспірімдер қозғалысын дамыту жөніндегі Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті. Бұл отырысқа мектебіміздің Ұланбасы, мектеп Президенті және көшбасшылары белсене қатысты.





## «Руханият» бағыты:

### «Дублер күні»

2024 жылдың 3 –ші қазан күні мектебімізде «Дублер күні» аталып өтті. Бұл күні мектеп Парламенті, Жас Ұлан ұйымының белсенділері және 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Нұсқаулыққа сәйкес «Дублер күні» кеңінен аталып өтті. 11 сынып оқушылары 1-10 сыныптарына кесте бойынша сабақ өткізіп, мұғалімдерді алмастыра білді. Күнінің аяғында мектебіміздің спорт залында Дублер күніне арналған сап түзеу өтті. Бұл жерде 11 сынып оқушылары осы күні ұйымдастырылған барлық іс – шаралар туралы қорытынды жасап, өздерінің пікірлерін ортаға салып, талқылады.



## «Салауат» бағыты:

### «Өмірге салуатты қадам!» волейбол сайысы

12.11.2024 жылы №7 жалпы орта білім беретін мектебінің Спорт және СӨС фракциясының министрі-Жарденбек Азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Нашаролықтың алдын алу мақсатында «Өмірге салуатты қадам!» атты ұстаздар және оқушылар арасында мектепішілік «Волейбол» турнирін өткізді. Волейбол турнирі ерекше командалар арқасында өте қызықты өтті. Жеңімпаздар келесі ретпен орналасты: «Болашақ» командасы (11-сыныптар) I орын, ал II орынды «Чемпиондар» мұғалімдер командасы және «Абсолют» командасы (10-сыныптар) III орын, «Бірлік» командасы (9-сыныптар) иеленді. Ойын қызықты, тартысты әрі көңілді өтті.



## **«Өмірге салуатты қадам!» спорттық би сайысы**

14.11.2024 жылы мектебіміздің спорт залында «Өмірге салуатты қадам!» спорттық би сайысы болып өтті. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысын мектебіміздің «Спорт және СӨС» фракциясы 5-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырды. Сайысымыздың шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық биі 5-7 минут болуы шарт. Сайысымыздың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Смагулова Б.С; мектебіміздің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі-Бугабай Ақжол төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 5 сыныптар арасында: II –орын -5АӘ, 6-шы сыныптар арасында: I –орын 6Ә, II –орын 6Ә, 7-ші сыныптар арасында: I-орын: 7Б –I орын, II-орын: 7АӘ, 8-ші сыныптар арасында I-орын: 8А, II-орын: 8Ә, 10-шы сыныптар арасында I-орын: 10Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталып, естелік суретке түсті.



### **«Еңбек» бағыты:**

### **«Қарт ұстаздарға көмек»**

30.09.2024 жылы сағат 16:00-де мектебіміздің тәлімгері-Амандық Жансұлу Ерболатқызының бастауымен және жас тимуршылар тобынан құралған топ-Қаиргелді Мансұр 8 «Б» сынып, Әскербекұлы Еркебулан 8 «Б» сынып, Айыпкалиев Дидар 10 «А» сынып, Дәуіт Қожа-Ахмет 10 «А» сынып, Қайдаров Ерасыл 10 «А» сынып, Сайлауов Алдияр 10 «А» сынып, Жарденбек Азамат 10 «А» сынып, сынып мектебіміздің қарт ұстазы және мектебіміздің гүлденуіне көп жылдар бойы өз үлесін қосқан, Т.Бегелдинов көшесінің тұрғыны-Таттыбаева Марияш Кайыржановнаны 1 қазан қарттар күнімен құттықтап, шағын сыйлықтарын алып, үйіне қолғабыс етіп қайтты. Таттыбаева Марияш Кайыржановна бізді қуанышты көңіл-күймен қарсы алды. Мектебіміздің еріктілер тобы Марияш Кайыржановна апайдың үйінің ауласындағы жиналып қалған қоқыстан тазартып берді. Мектебіміздің еріктілер тобы әндетіп, әзілдесіп, бір үйдің балаларындай жұмыс жасады. Таттыбаева Марияш Кайыржановна балаларға тәтті тоқаштарын беріп, балалар естелікке суретке түсіп, көңілді күймен тарады.





### 5 желтоқсан-Волонтерлер күні

«Еріктілер-өзгенің мәселесін өз ісіндей көретін жүрегі кең, ниеті дұрыс жандар». Еріктілер-бос уақытын қоғамның игілігіне жұмсайтын адамдар тобы. Ерікті болу-ерлікпен тең. Бүгін әлем бойынша Халықаралық волонтерлер күні аталып өтуде. Осыған орай мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымы еліміздің барлық Волонтерді атаулы мерекемен құттықтады.



## « Жеті жарғы»

### «Буллинг және моббинг» семинар-тренинг

20.01 .2025 жылы қаңтар айында «Заң және тәртіп» аясында жылдық жоспары бойынша 6 «А» сыныбында «Буллинг және моббинг» ерекшеліктері ,түрлері, себептері туралы семинар -тренинг өтті. Бұл семинарда Кибербуллинг,моббинг туралы оқушыларға ақпарат берілді.Touch панель арқылы презентация көрсетілді. Балаларға сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауаптар алынды.



## «Еңбек»

### «Біздің құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз» конференция

«Біртұтас Тәрбие» бағдарламасының «Профилактикалық іс-шаралар» жобасы шеңберінде «Жас Ұлан» БЖҰ және оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшылары арасында: біздің құқықтарымыз бен мүмкіндіктеріміз» деген тақырыпта 7 «Ә» сыныпта конференция өтті. Сабақ барысында «Есім» ойынынан бастап, балаларға ата-тегін алуға құқығы барын түсіндірілді. « Бала құқығы» туралы лекция оқылды. Балалар презентация арқылы құқықтарымен және міндеттерімен танысты. Құқық пен міндетті айыру үшін ойын ойнатылды. Балалар өз құқықтары мен міндеттерін ажырата білді.





**« Салауат»**

**« Көңілді үзіліс»**

30.01. 2025 жылы 9 «Б» сынып белсендісі Сатбек Ақниет 1 «Б» сыныбында үлкен үзілісте « Көңілді үзіліс» өткізді. Көңілді үзіліс ойын түрінде өтті.

Ойынның аты « Қолтырауын». « Қолтырауын» ойыны -сөзсіз ыммен атқарылатын ойын. Яғни бұл ойын арқылы адамды басқа қырынан тануға мүмкіндік бар. Және тұйық адамдарға ашылуға көмектеседі. Ойын өте

қызықты өтті. Оқушылар белсене қатысты.



**« Салауат»**

**«Көңілді үзіліс»**

31.01. 2025 жылы 5 «А» сынып белсендісі Аяпбергенова Аруна 2 «А» , 2 «Ә» сыныбында көңілді үзіліс өткізді. « Көңілді үзіліс» би түрінде өтті. Би -музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер түрі.

Би билеп балалардың көңіл-күйі көтеріліп, түрлі қозғалыстарды жасау арқылы қан айналымы жақсарып ,бойлары жеңілдеп, ми тамырлары кеңейіп қалды. Сабақтан кейін балалар біраз серігіп қалды.



## Руханият:

### « Қарт ұстаздарға көмек»

06.02. 2025 жылы сағат 16.00-де мектебіміздің тәлімгері Жумабаева Әсемгүл Қалитайқызы мен жас тимуршылар тобынан құралған топ-Жеңіс Саян, Каюпов Жігер, Жусупов Арыстан, Бердібек Шыңғыс, Лавренка Артем.

«Қайырымды іс» акциясы аясында мектебіміздің қарт ұстазы, мектебіміздің гүлденуіне көп жылдар бойы үлес қосқан, Талғат Бегелдинов көшесінің тұрғыны-Таттыбаева Марияш Кайыржановна үйіне қолғабыс етіп қайтты.

Мектебіміздің еріктілер тобы Марияш Кайыржановна апайдың үйінің ауласындағы жиналып қалған қардан тазартты. Марияш Кайыржановна еріктілер тобына алғысын айтып, батасын беріп, ризашылығын білдірді.



## «Салауат»

### «Көңілді үзіліс»

2-6 сынып оқушылары үлкен үзіліс кезінде үстел теннисін ойнайды. Үстел теннисі -денсаулықтың жан-жақты дене құрылысы өсіп -жетілуі және күшейтуіне мүмкіндік туғызады. Теннис ойнау қол-көз координациясын жақсартады, ойлау шапшаңдығын арттырады. Оқушыларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелейді. Сабақтан кейін балалар біраз серігіп қалады.





## «Отан»

14.02.2025жылы 10 «А» сыныбында «Ауғанның отты жалыны» деген тақырыпта сынып сағаты өтті. Сынып сағаты ән ұранмен басталды.

Өткенін ескермеген өшеді. Өткенін қастерлеген өседі -дегендей.

Ауғанстан соғысы туралы оқушыларға мәлімет берілді. Touch панель арқылы презентация көрсетілді. Сонымен қатар оқушыларға видео көрсетілді. Сол видеода Қазақстаннан Ауған соғысында 22000 адам қатысып, олардың 924-і қаза тапты, 21 адам хабарсыз кетті. 1000 жауынгерден астам өз жеріне оралып, түрлі дене жарақаттарының кесерінен ауырып қаза болды. Сабақтың соңында оқушылардан алған мәліметін бекіту үшін сұрақтар қойылып, жауап алынды.



## «Салауат»

5 «А» сынып белсенділері үлкен үзілісте «Көңілді үзіліс» өткізді. «Көңілді үзіліс» би ретінде өтті. Би – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер түрі. Би билеу адамның көңіл-күйін көтереді. Биді спортқа жатқызудың өзіндік себебі бар. Өйткені би көп энергияны қажет етеді. Адам өз-өзін үнемі шынықтырып отыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушылары бір серігіп, көңіл-күйлері көтеріліп қалды.



### «Салауат»

Бүгін мектеп парламенті фракция мүшелері үлкен үзілісте «Көңілді үзіліс» өткізді. Олар көңілді үзілісті қазіргі трендтен қалмай, бүгінгі жағдайға сай билеп, трендтік би арқылы өткізіп, дәліздегі әр түрлі жастағы балалардың қызуғышылығын арттыра білді. Оқушылардың көңіл-күйі көтеріліп, бірлік бар жерде, тірлік бар екендігін көрсете білді.



### « Еңбек»

25.02.2025 жылы қаламыздың «Источная 41» мекен жайының тұрғынына «Қайырымды іс» акция аясында мектебіміздің гүлденуіне көп жылдар бойы үлес қосқан зейнеткер ұстазымыз -Тоты Сейтмагамбетовнаның үйіне барып, еріктілер тобы қолғабыс етіп қайтты. Мектебіміздің еріктілер тобы Тоты апайдың үйінің ауласындағы жиналып қалған қарды тазартты. Мектебіміздің тәлімгері Асемгуль Калитаевна мен еріктілер тобына алғысын айтып,ризашылығын білдірді.





## « Зерде»

Сынып белсенділері даярлық тобында «Көңілді үзіліс» өткізді. «Көңілді үзіліс» пазл құрастыру түрінде өтті. Балалар екі топқа бөлініп, кім дұрыс және жылдам құрастырады деп. Пазл -балалардың логикасын, ойлау қабілетін дамытатын ойын түрі.



28.02.2025 жылы Атбасар қаласында № 8 ЖОББМ “Өзін-өзі басқару көшбасшысы” атты аудандық байқау өтті. №7 ЖОББМ атынан байқауға Асан Медина Болатбекқызы қатысып, 27 мектептің арасынан Іорынға ие болды. Ол өзінің жан-жақты екенін және мектеп парламентінің министрі ретінде 10 фракцияның жұмысын, шығармашылығын таныстырды. Сонымен қатар өзінің портфолиосын, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын бейнеролик арқылы көрсете білді. “Бәріміз-біріміз үшін, біріміз-бәріміз үшін” екенін дәлелді.



## «Руханият»

04.03.2025 жылы Халықаралық әйелдер күні қарсаңында мектебімізде «Қыз ұлт болашағы» атты байқау өтті. Мақсаты: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық қасиеттерін таныта білу. Байқауға 7-11 сыныптар арасында 11 ару қатысты. Жүлделі ІІІ орынды 7”Ә” сынып оқушысы Өзгеріс Аружан, ІІ-орынды 10 “А” сынып оқушысы Шабанбай Томирис, І-орынды 9 “Ә” сынып оқушысы Баядилова Адема және бас жүлде 7”А” сынып оқушысы-Қалымсейтова Маржан иеленді. Барлық қатысушылар арнайы грамотамен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



## «Салауат»

2025 жылы 24 ақпан күні мектебімізде 4-5 сынып арасында «Денсаулық-зор байлық» спорттық сайыс болды. Оқушылар «Пионер бол» ойнады. Пионербол өте қызықты, тартысты, көңілді болды. Ойынның соңында 5 сынып жеңіп шықты.



## «Зерде»

2025 жылы 5 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Ананың -аялы алақаны» атты іс-шаралар мектебімізде өтті. Даярлық тобының оқушылары аналарына мерекелік концерт қойды. Мақсаты: оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуге, бірлікке тәрбиелейді. Ән айтып, би билеп, аналарына қолдан жасалған сыйлықтарын сыйлады. Іс-шара өте қызықты өтті.





## «Руханият»

2025 жылы 7 наурызда халықаралық әйелдер күніне байланысты «Әжелер-көңілдің ажары, немере-өмірдің базары» атты әжелер байқауы өтті. Мақсаты :оқушыларға өнерге баулу, әже мен немере арасындағы мейірімді көрсету. Немере үшін ең мейірімді жан-әже. Ақ сүт берген аналардың анасы-әже. Байқау өте тартымды, қызықты өтті. Әжелер ақ батасын берді.



## «Еңбек»

2025 жылы 6 наурызда мектебіміздің 9 сынып оқушылары « Таза Қала» атты сенбілігіне шығып, мектеп маңайындағы қарды тазалауға үлес қосты.



## «Жеті жарғы»

Өзін-өзу басқару ұйымының жоспары бойынша «Менің қысқы демалысым»-атты фото байқауы өтті. Қысқы каникул кезінде оқушылар бос уақытын кітап оқумен өткізді. Кітап оқу- қоршаған ортаны , дүниені және өзін тануға көмектеседі. Кітап оқу арқылы адамның сөздік қоры көбейіп, ойлау қабілетін арттырып өз пікірін еркін жеткізе алады.



## «Еңбек»

13.03. 2025 жылы сағат 15.00-де мектебіміздің тәлімгері Жумабаева Әсемгүл Қалитайқызы мен жас тимуршылар тобынан құралған топ- Амангелді Сұңқар, Тоймағамбет Біләл, Бердібек Шыңғыс.

«Қайырымды іс» акциясы аясында мектебіміздің қарт ұстазы, мектебіміздің гүлденуіне көп жылдар бойы үлес қосқан, Талғат Бегелдинов көшесінің тұрғыны-Таттыбаева Марияш Кайыржановна үйіне қолғабыс етіп қайтты.

Мектебіміздің еріктілер тобы Марияш Кайыржановна апайдың үйінің ауласындағы жиналып қалған қардан тазартты. Марияш Кайыржановна еріктілер тобына алғысын айтып, батасын беріп, ризашылығын білдірді.





## «Руханият»

Наурыз мейрамы өз бойына ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрге негізделген қайырымдылық пен жанашырлықты көздеген іс-шараларды жинайды. Әр күн сайын аталып өтілетін мерекелік күндер әр-алуан. Біздің мектепте «Армысың Әз- Наурыз» атты мерекелік іс-шаралар болды. 14.03.2025 жылы «Көрісу» күні өтті. 17.03.2025 жылы «Бауырсақ» жәрмеңкесі өтті. 18.03.2025 ж «Ұлттық киім» күні өтті. Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні- Наурыз туралы білімдерін тереңдету. Ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.



## «Руханият»

21.03. 2025 жылы мектепте бірлік және ынтымақ құндылығын насихаттау мақсатында 5 сыныптар арасында «Ұлттық ойындар ойнайық» атты іс-шара өтті. Мақсаты: Қазақ халқының ұмыт қалған ұлттық ойындарын қайта жаңғырту арқылы қазіргі заман талабына қарай оқушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын және сезімін ояту. Оқушыларды ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, достыққа дене тәрбиесімен айналыса отырып салауытты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу. Оқушылар белсене қатысып, сайыс өте қызықты өтті. 5 «А» сынып «Рухты өрендер», ал 5 «Ә» сынып «Жүйрік шәкірттер» деген номинациясын алып, марапатталды.







## «Отан»

Наурызнама онкүндігі аясында 20 наурыз- «Ұлттық спорт күні» ретінде белгіленген. Бұл мейрам халқымыздың ғасырлары бойы қалыптасқан ұлттық ойындарын дәріптеуге, салт-дәстүрімізді жаңғыртуға және жас ұрпақты ата-баба мұрасын құрметтеуге шақыруға арналған. 20.03.2025 жылы мектебімізде «Ұлттық ойындарды ұлықтау» мақсатында іс-шаралар өтті. Оқушылар белсене қатысып, өздерінің ептіліктерін көрсетті. Іс-шаралар қызықты, тартымды өтті.





## «Еңбек»

2025 жылы 12 сәуір күні «Таза city» атты жалпы қалалық сенбілік өтті.

Мақсаты : бірлікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. Біздің мектебіміздің белсенділері қатысып, мектеп ауласын қоқыстан тазартып, өздерінің еңбекқор және ұйымшыл екенін көрсете білді. Осындай бірлік пен жауапкершіліктің арқасында мектебіміздің маңайы көркейіп, тазарып қалды.





## «Отан»

2025 жылы 06 мамыр күні мектебімізде Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ән мен сап» байқауы өтті. Мақсаты: оқушыларға патриоттық сезім ұялатып, жауапкершілікке, әскери тәртіпке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оқушылар осы байқау арқылы, Отанға деген сүйіспеншіліктерін, ерлік пен батырлықтың, ар-намыс пен Отанға адал қызмет ету керектігін көрсетті.





## «Отан»

2025 жылы 09 мамыр күні мектеп белсенділері «Жеңіс саябағына» шығып, қала тұрғындары мен қала қонақтарының кеудесіне лента тағып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады. Мақсаты: өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін ояту, соғыс ардагерлерін құрметтеуге тәрбиелеу. Өз кезегінде қала тұрғындары мен қонақтары алғыстарын білдіріп, батасын беріп, тілектерін айтып жатты.



## «Зерде»

23.05.2025 ж мектебімізде «Мектебім саған мың алғыс» атты соңғы қоңырау мерекелік іс-шарасы өтті. 1-11 сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын Қазақстан республикасының әнұранымен басталды.

Соңғы қоңырау-бұл ерекше мейрам, жүректі сағынышпен қуанышты естеліктермен және болашаққа үмітпен қарайтын күн. Мектеп вальсі-барлық түлектерді біріктіретін, бұл мерекенің ең ерекше сәттерінің бірі. Болашақ өмірлеріңіз тек жарқын болғай.



